

2016 жылдың 15 қыркүйегінде  
Парламент Мәжілісінде 2017-2021  
жылдарға арналған елдің әлеуметтік-  
экономикалық даму болжамы, 2017-2019  
жылдарғы арналған РБ, ЖСТ және КТ  
туралы Заң жобалары бойынша Ұлттық  
экономика Министрі Қ. У. Бишімбаевтың  
сөйлейтін сөзі

**Құрметті Гүлжан Жанпейісқызы!**  
**Құрметті депутаттар!**

(1 Слайд) Сіздің қарауларыңызға үш құжат енгізіліп отыр:

1. **2017 – 2021 жылдарға арналған еліміздің әлеуметтік – экономикалық даму болжамы;**
2. **«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2017 – 2019 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Заң жобасы;**
3. **«Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы 2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Заң жобасы.**

(2 Слайд) 1. **2017 – 2021 жылдарға арналған еліміздің әлеуметтік – экономикалық даму болжамы:**

– 2015 жылғы ЖІӨ бойынша есептік деректер мен 2016 жылдың бірінші жартыжылдығындағы **экономика салалары дамуының қорытындылары** ескеріле отырып, **2016 жылға арналған жалпы ішкі өнімді бағалауды нақтылау;**

- теңгенің АҚШ долларға шаққандағы есептік бағамы, кейіннен 2021 жылда бір АҚШ долларына 340 теңгеге дейін

нығаюмен, 2017 – 2019 жылдары бір АҚШ долларына 360 теңге деңгейінде алынған.

(3 Слайд) - халықаралық ұйымдардың әлемдік экономиканың өсуі мен тауар нарықтарындағы әлемдік бағалардың өзгеру үрдісі бойынша жаңартылған болжамдары негізінде әзірленген.

Халықаралық валюталық қоры мен Дүниежүзілік Банктің болжамдары бойынша 2016 жылы **әлемдік экономиканың** өсуі 3,1%, 2017 жылы орташа алғанда шамамен 3,4% - 3,6% құрайды.

2017 жылы мұнай бағасы бойынша халықаралық қаржы институттарының болжамдары барреліне 41-ден 61 АҚШ долларына дейін едәуір ерекшеленеді.

(5 Слайд) Осыны негізге ала отырып, әлемдік тауар нарықтарындағы бағалардың түрлі өзгеруі бойынша Қазақстан экономикасын дамытудың ықтимал үш сценарийі қаралды.

(5-6 слайдтар) 2017-2021 жылдарға арналған Өлеуметтік-экономикалық даму болжамы мен 2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет параметрлерін қалыптастырудың негізіне **базалық сценарий** алынды.

**Базалық** сценарий 2017-2019 жылдары мұнайдың бағасы бір барреліне **35 АҚШ доллары** консервативті деңгейінде қалыптасып, 2021 жылы бір барреліне 45 АҚШ долларына дейін өседі.

(6 Слайд) Бұл ретте, мұнай өндіру көлемі кейіннен 2021 жылы 86,5 млн. тоннаға дейін ұлғаюмен, 2017 жылы 79,5 млн. тонна деңгейінде болады деп күтілуде.

(7 - слайд) Жалпы ішкі өнімнің нақты өсуі 2017 жылы **1,9%**, 2018 жылы **2,1%**, 2019 жылы **2,7%**, 2020 жылы **2,9%** және 2021 жылы **3,1%** деңгейінде болжанып отыр. Болжамдар бойынша номиналды жалпы ішкі өнім 2017 жылғы **48,4 трлн. теңгеден** 2021 жылы **63,6 трлн. теңгеге** дейін өседі.

Халықтың жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 2017 жылғы **7,5 АҚШ доллары** деңгейінен кейіннен 2021 жылы **10,0 мың АҚШ долларына** дейін ұлғаяды.

**Өнеркәсіптегі** жылдық орташа өсу қарқыны **2,1%-ды** оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде – **1,2%-ды**, тау кен өнеркәсібінде – **2,2%-ды** құрайды.

**Ауыл шаруашылығындағы** жалпы өнім көлемінің жылдық орташа өсімі **3,0%** деңгейінде, **құрылыс** саласында **3,6%** деңгейінде болжанады.

2017 жылғы **экспорт 40,2 млрд. АҚШ доллары** деңгейінде, кейіннен экспорттың 2021 жылы **53,3 млрд. АҚШ долларына** дейін өсуі, импорттың 2017 жылғы **29,1 млрд. АҚШ долларынан** тиісінше 2021 жылы **38,2 млрд. АҚШ долларына** дейін өсуі болжамданып отыр.

**Инфляцияның** орташа жылдық деңгейі 2017 жылы **6,0-8,0%** шегінде болады, кейіннен 2021 жылға қарай **3,0-4,0%-ға** дейін төмендейді.

(8 - слайд) Орта мерзімді перспективада экономикалық саясаттың мақсаты әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты сақтау, өнімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және бәсекелестік пен жеке капиталды дамыту болып табылады.

(9 - слайд) Макроэкономикалық болжам негізінде **2017-2019 жылдарға арналған бюджеттік параметрлер** болжамы әзірленді.

Республикалық бюджеттің **кірістері** (трансферттерді есепке алмағанда) 2017 жылы **4 338,2 млрд.теңге**, 2018 жылы – **4 562,3 млрд.теңге**, 2019 жылы – **4 877,2 млрд.теңге** сомасында болжанып отыр.

2016 жылмен салыстырғанда, 2017 жылы кірістердің 3,3% өсуі негізінен корпоративтік табыс салығы түсімдерінің (133,4 млрд. теңгеге) және қосымша құн салығы (153,1 млрд. теңгеге) ұлғаюы есебінен салықтық түсімдердің болжанып отырған 7,7 %-ға өсуімен байланысты.

2. 2017-2019 жылдарға арналған Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің мөлшерін белгіленіп тіркелген **8 млрд. АҚШ доллары** мөлшері мен АҚШ долларының **360 теңгемен** есептелу бағамын негізге ала отырып, жыл сайын **2 880 млрд. теңге** сомасында айқындалды.

Осыны ескере отырып, Сіздің қарауыңызға **«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2017 - 2019 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» Заңының** жобасы енгізіліп отыр.

Сондай-ақ, «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын

қаржыландыруға бұдан бұрыңғы Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңеспен мақұлданған 720 млрд. теңгеден 2017 жылы **441,6 млрд. теңге** мөлшерінде Ұлттық қордан **нысаналы трансферт** тарту жоспарлануда.

Қалған **278,4 млрд. теңгені** Ұлттық қордың резервінде қалды, оларды пайдаланылу экономикада қалыптасып отырған жағдайды ескере отырып 2017 жылы республикалық бюджетті нақтылау кезінде қарастырылады.

**441,6 млрд. теңге** мөлшеріндегі 2017 жылға арналған **нысаналы трансфертті** мына бағыттарға жұмсау жоспарлануда:

1) «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын мына бағыттар бойынша іске асыруға **387,4 млрд. теңге** жұмсау, оның ішінде:

көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамытуға (автомобиль жолдарының құрылысы, Астана қаласының әуежайын реконструкциялау, Құрық портындағы паромдық кешеннің құрылысы) – **150,5** млрд. теңге;

«Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының индустриялық инфрақұрылымын дамытуға – **7,7** млрд. теңге;

жылумен және сумен жабдықтау, су бұру желілерін жаңғыртуға – **53,0** млрд. теңге;

тұрғын үй құрылысы аудандарындағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысына, оның ішінде жеке тұрғын үй құрылысына – **57,4** млрд. теңге;

2018 жылдың соңына қарай авариялық мектептерді және үш ауысымдық оқытуды жою үшін білім беру объектілерінің құрылысына – **71,7** млрд. теңге;

Халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп іске асырылатын жобаларды қоса қаржыландыруға – **27,0** млрд.теңге;

үлестік тұрғын үй құрылысына кепілдік беру тетігін іске асыруға – **10,0** млрд.теңге;

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы бойынша жобаларды іске асыру кезінде индустриялық инфрақұрылымды жүргізуге – **10,0** млрд.теңге жұмсау ұсынылуда.

2) **басқа басым бағыттарды** қаржыландыруға – **54,3 млрд.теңге**, оның ішінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ мен «Бәйтерек - Деволпмент» АҚ қарыз қаражаты бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға (**21,0** млрд.теңге), сатып алу құқығынсыз жалдамалы тұрғын үйлер құрылысына (**25,0** млрд.теңге) жұмсау ұсынылып отыр.

(10 - слайд) Жалпы орта мерзімді кезеңде жоспарланған Ұлттық қордың қаражатын пайдалану 2019 жылдың соңында Ұлттық қордың валюталық активтерін **ЖІӨ-ге қатысты 33 %** деңгейінде ұстауға мүмкіндік береді, ЖІӨ-ге қатысты 30 %-дан төмен емес мөлшерінде Ұлттық қорды төмендетілмейтін қаражаттың қалдығы бойынша шектеулердің орындалуын

қамтамасыз етеді.

(9 - слайд) 2017 жылы бюджет тапшылығын 578,1 млрд. теңгеге немесе ЖІӨ-ге қатысты 1,2 %-ға (2016 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,0 %) дейін төмендету жоспарлануда. 2018-2019 жылдары тапшылықты ЖІӨ-ге қатысты 1,0%-ға дейін одан әрі төмендету жоспарлануда. Бұл 2017-2019 жылдары мемлекеттік борышты ЖІӨ-ге қатысты 22%-дан аспайтын деңгейде ұстауға мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, республикалық бюджет шығыстарын 2017 жылы 8 564,4 млрд. теңге, 2018 жылы – 8 370,6 млрд. теңге және 2019 жылы – 8 751,2 млрд. теңге көлемінде белгілеу айқындалады.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын ескере отырып, экономикалық өсуді және өнімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында 2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасы шығыстарының негізгі басымдықтары аграрлық секторды үдемелі дамыту, индустрияландыру мен шағын және орта бизнесті дамыту, көлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту болып айқындалды.

(11 - слайд) 3. Сондай-ақ, сіздің назарыңызға «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы 2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасы енгізілуде.

Жалпы 2017-2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттер өңірлердің бюджеттік қамтамасыз ету деңгейін теңестіруге және мемлекет кепілдік қызметтер ұсынуда тең фискалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған.

Үш жылдық кезеңге арналған субвенциялар мен алып қоюларды есептеу өңірдегі бюджеттік қызметтерді алушылардың санына, сондай-ақ қандай да бір өңірдің ерекшелігі (демографиялық құрам, халықтың тұру тығыздығы, климаттық жағдайлары, көлік қолжетімділігі және т.б.) ескеріле отырып, оларды ұсыну құнына ықпал ететін объективті факторларына сүйене отырып жүргізілген.

**Ағымдағы шығындар** (еңбекақыны қоспағанда) алдыңғы жылдардағы сияқты инфляцияның болжамды деңгейіне индекстелген.

Бұдан басқа, **Астана қаласы және Алматы қалаласы** үшін, ерекше мәртебеге ие қалалар ретінде, тиісінше **1,5** және **1,25** жоғарлату коэффициенті қолданылған.

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан және Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Заңдарды іске асыруға қосымша шығындар ескерілген.

Олар жергілікті бюджеттің шығыс базасынан міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру енгізу шеңберінде тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне арналған шығындар республикалық деңгейге берілетіндіктен, алып



тасталды.

2017-2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттер көлемін айқындау кезінде жергілікті бюджеттердің шығыстар базасына бұрын республикалық бюджеттен **ағымдағы нысаналы трансферттер** есебінен қаржыландырылған **тұрақты сипаттағы шығындар** қосылған, оның ішінде 2017 жыл **496,7** млрд.теңге, 2018 жылы **566,4** млрд.теңге, 2019 жылы **572,4** млрд.теңге.

**Күрделі жөндеу мен материалдық-техникалық базаны нығайтуға** арналған шығындардың алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамы тиісті жылға арналған ағымдағы шығындар көлемінің **6,5 %-ы** мөлшерінде анықталған.

Бұл ретте, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсететін ұйымдар үшін **күрделі шығындарды** жүзеге асыруға арналған шығыстар ескерілген.

Әкімдердің қаржылық дербестігін және өңірлік инфрақұрылымды дамыту жауапкершілігін кеңейту мақсатында 2017 жылға арналған жергілікті бюджеттердің даму бюджетінің болжамы 2016 жылғы болжаммен салыстырғанда **193,6 млрд.теңгеге** ұлғайды.

Осыны ескере отырып, нысаналы даму трансферттерін өңірлердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуіндегі қатты сәйкессіздіктерді жоюға және ұлттық маңызы бар жобаларды іске асыруға, сондай-ақ «Нұрлы жол» мемлекеттік

бағдарламасы шеңберінде 2017 жылы жобаларды қаржыландыруға ғана бөлу жоспарланып отыр.

Жүргізілген есептеулер нәтижесінде жергілікті бюджеттер шығыстарының болжамды көлемі:

2017 жылға – **3 119,3 млрд. теңгені,**

2018 жылға – **3 292,7 млрд. теңгені,**

2019 жылға – **3 369,4 млрд. теңгені** құрады.

Кірістердің болжамды көлемін және жергілікті бюджеттердің шығыстарын ескере отырып, жалпы сипаттағы трансферттер мынадай көлемде анықталды:

**(12 - слайд) бюджеттік алып қоюлар:**

2017 жылы – **239,9 млрд. теңге;**

2018 жылы – **257,0 млрд. теңге;**

2019 жылы – **292,2 млрд. теңге;**

**(13 - слайд) бюджеттік субвенциялар:**

2017 жылы – **1 482,9 млрд. теңге;**

2018 жылы – **1 563,8 млрд. теңге;**

2019 жылы – **1 568,3 млрд. теңге.**

**Назарларыңызға рахмет!**